

Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы жөніндегі қарыз туралы келісімге түзетуге қатысты Қазақстан Республикасы мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы қосымша келісім-хатқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 637 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1998 жылғы 24 желтоқсанда Токиода жасалған Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы жөніндегі қарыз туралы келісімге түзетуге қатысты Қазақстан Республикасы мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы қосымша келісім-хаттың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Арман Ғалиасқарұлы Дунаевқа Қазақстан Республикасының атынан көрсетілген Келісім-Хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жапония халықаралық ынтымақтастық банкі

Күні: 2004 жылғы 3 маусым

Хаттың N DA (4)/2004-36

ҚР Қаржы министрлігі

Құрметті мырзалар,

Астана әуежайын қайта жаңарту жобасының N KAZ-P3 қарыз туралы келісіміне түзетуге қатысты.

Сіздің 2004 жылғы 15 мамырдағы N DGZ-2-2/4277 хатыңызға және Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - "Қарыз алушы" деп аталатын) мен Жапония халықаралық ынтымақтастық банкі (бұдан әрі - "Банк" деп аталатын) арасындағы Қарыз туралы келісімнің төлеу кезеңін ұзартуға Жапония Үкіметінің келісімін білдіретін ҚР Сыртқы істер министрлігі үшін жапон елшілігінің 2004 жылғы 26 мамырдағы N MD-0124/8 ауызша келісіміне қатысты осымен мыналарды растаймыз:

1. Қарыз туралы келісімнің 1-бабы 2-бөлімінің (2) тармағы мынадай түрде **т ү з е т і л е т і н** **б о л а д ы :**

"Қарыз туралы келісім бойынша қорытынды төлем 2007 жылғы 22 маусымнан кешіктірілмей орындалатын болады және егер Банк пен Қарыз алушы арасында өзгеше

келісілмесе, Банк одан әрі ешқандай беруді жүргізбейтін болады".

2. Осы беру 2004 жылғы 03 маусымда күшіне енеді.

3. Осы хат Қарыз туралы келісімге жоғарыда көрсетілгеннен басқа, қандай да бір түзетулер енгізуге өкілеттік бермеуі тиіс.

Осы хат пен қоса беріліп отырған көшірмеге қол қойып, жоғарыда аталған түзетулер бойынша Сіздің келісіміңізді растауды және оның біреуін кері қарай бізге жіберіп, ал екіншісін өзіңізге қалдыруды сұраймыз.

Құрметпен,

Жапония халықаралық ынтымақтастық банкі

К у н и о Х а т а н а к а
Б а с д и р е к т о р

Көмек көрсету және даму 4-бөлімі

Р а с т а л д ы

күні: _____

Қазақстан Республикасы

А р м а н Д у н а е в
М и н и с т р

Қаржы министрлігі